

Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі

Дін саласындағы кәсіптік
біліктілік жөніндегі салалық
кеңестің 2024 жылғы 24
сәуірдегі № 3 хаттамасымен
бекітілген.

ДІН САЛАСЫНДАҒЫ САЛАЛЫҚ БІЛІКТІЛІК ШЕҢБЕРІ

Астана, 2024

2. СБШ паспорты:

Дін саласындағы Салалық біліктілік шеңбері (бұдан әрі – СБШ) «Кәсіптік біліктілік туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес әзірленді.

Дін саласы конфессияаралық келісімді, діни ахуалдың тұрақтылығын, басқа конфессияларға деген толерантты көзқарасты қалыптастыруды қамтамасыз ету, сондай-ақ дін саласындағы заңнаманың орындалуын қадағалу мәселелерін қамтиды.

Дін саласы Экономикалық қызметтерінің жалпы жіктеуіші бойынша (бұдан әрі – ҚР ЭҚЖЖ) мынадай түрлерін қамтып отыр (1-кесте):

Кесте 1. Дін саласына қатысты секциялары мен бөлімдері:

№	ЭҚЖЖ бөлімі	ЭҚЖЖ тобы	ЭҚЖЖ сыныбы	Үлгілік процестердің тізбесі
Секция S - қызметтердің басқа түрлерін ұсыну				
1	94 Қоғамдық бірлестіктердің (ұйымдардың) қызметі	94.9 Басқа қоғамдық бірлестіктердің қызметі	94.91 Діни ұйымдардың қызметі	94.91.0 Діни ұйымдардың қызметі
Секция P – Білім беру				
2	85 Білімі беру	85.3 Орташа білім	85.32 Техникалық және кәсіптік орта білім	85.32.1 Кәсіби-техникалық білім
3		85.4 Жоғары білім	85.42 Жоғары білім	85.42.1 Жоғары білім
				85.42.2 Жоғары оқу орнынан кейінгі білім
4		85.6 Білім беру саласындағы көмекші қызмет	85.60 Білім беру саласындағы көмекші қызмет	85.60.9 Білім беру саласындағы өзге де қосалқы қызмет
Секция Q - Денсаулық сақтау және халыққа әлеуметтік қызмет көрсету				
5	86 Денсаулық сақтау саласындағы қызмет	86.9 Денсаулық сақтау саласындағы өзге де қызмет	86.90 Денсаулық сақтау саласындағы өзге де қызмет	86.90.0 Денсаулық сақтау саласындағы өзге де қызмет
6	87 Тұруды қамтамасыз етумен әлеуметтік көрсетілетін қызметтерді ұсыну	87.9 Тұруды қамтамасыз ете отырып, өзге де әлеуметтік қызметтер көрсету	87.90 Тұруды қамтамасыз ете отырып, өзге де әлеуметтік қызметтер көрсету	87.90.0 Тұруды қамтамасыз етумен өзге де әлеуметтік көрсетілетін қызметтерді ұсыну

7	88 Тұратын жермен қамтамасыз етусіз әлеуметтік қызметтер көрсету	88.9 Тұруды қамтамасыз етпей басқа да әлеуметтік қызметтерді ұсыну	88.99 Басқа топтамаларға енгізілмеген, тұруды қамтамасыз етусіз өзге де әлеуметтік қызметтерді ұсыну	88.99.0 Басқа топтамаларға енгізілмеген, тұруды қамтамасыз етусіз өзге әлеуметтік көрсетілетін қызметтерді ұсыну
---	--	--	--	--

Дін саласындағы экономикалық қызметтің 94.91.0 Діни ұйымдардың негізгі қызметіне мыналыр жатады:

- мешіттерде, шіркеулерде, ғибадатханаларда, синагогаларда немесе басқа жерлерде тікелей келушілерге қызмет көрсететін діни ұйымдардың немесе жеке тұлғалардың қызметі;

- ерлер мен әйелдер монастырларының, діни бауырластықтар мен апалы-сіңлілердің қызметі;

- діни гермиттік ұйымдардың қызметі;

- діни жерлеу қызметтерін ұсыну жөніндегі қызмет.

Сонымен қатар, дін саласы экономикалық қызметтің «Секция Р – Білім беру» секциясында:

- білім беру ұйымдарында ұсынатын білімді;

ал, «Секция Q - Денсаулық сақтау және халыққа әлеуметтік қызмет көрсету» секция бөлімдерінде:

- осы ұйымдар жүзеге асыратын денсаулық сақтау саласындағы қызмет;

- осы ұйымдар жүзеге асыратын әлеуметтік қызметтерді ұсыну жатады.

Саланың құрылымын анықтау үшін оның шекараларын түсіну маңызды. Экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктеуішін қарастыра отырып, сарапшылар қауымдастығы дін саласын экономикалық қызметтерінің жалпы жіктеуішінің (ЭҚЖЖ) екі секцияларын, олар секция S - қызметтердің басқа түрлерін ұсыну, секция Р – білім беру типтік процестер тізбесімен шектеу туралы шешім қабылдады.

СБШ Қазақстан Республикасының Ұлттық жіктеуіші (бұдан әрі - ҚР ҰЖ-2017) қызметтер жіктеуішінің келесі кәсіби топтар мен кіші топтар негізінде әзірленді:

- 1210-0 Мекемелердің, ұйымдардың және кәсіпорындардың бірінші басшылары;

- 1439-9 Б.т.к. басқа да қызмет салалары жөніндегі мамандандырылған бөлімшелердің басқа да басшылары (басқарушылары);

- 2372-0 Теология, дін және дінтану, исламтану пәндерінің оқытушылары;

- 2636-1 Дін саласындағы кәсіби мамандар;

- 2636-2 Діни қызметкерлер.

3. Жалпы ережелер: СБШ-ның негізгі болжамы, мақсаттары мен міндеттері көрсетіледі.

Дін саласындағы СБШ экономикалық дамуда және еңбек нарығын реттеуде маңызды рөл атқаратын стандарттар жүйесі болып табылады. Олар қызметкерлердің дағдылары мен құзыреттерінің сәйкестігі экономика секторларының қажеттіліктеріне сәйкес келуін қамтамасыз етуге, кәсіптік білім беру сапасын арттыруға және кадрларды заманауи еңбек нарығының талаптарына бейімдеуге арналған.

Бұл жүйенің негізінде әртүрлі салалардағы жұмысшылардың күрделілігі мен талаптарын көрсететін біліктілік деңгейлері жатыр. Дін саласының СБШ стандарттардың объективтілігі мен өзектілігін қамтамасыз ете отырып, ҚР Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі, «Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы» Республикалық ислами діни бірлестігі, жұмыс берушілер, жоғары және кәсіптік білім беру ұйымдарының қатысуымен әзірленді.

СБШ ОСК-ның базалық элементі болып табылады және мақсаттарды, міндеттерді, өндірістік циклды, қызмет түрлерін және ұжымдық еңбек бөлінісіндегі рөлін ескере отырып, қызметкерлердің құзыреттеріне қойылатын Ұлттық біліктілік шеңберінің (бұдан әрі – ҰБШ) талаптарын нақтылайды. СБШ дін салада танылатын біліктілік деңгейлерін сипаттайды және олардың салыстырымдылығын қамтамасыз етеді, сондай-ақ білім беру деңгейлері бойынша кәсіптік стандарттарды әзірлеу үшін негіз болады.

СБШ әртүрлі пайдаланушылар тобына (*мемлекеттік органдар мен құрылымдар, жұмыс берушілер, жұмыс берушілер қауымдастығы, білім беру ұйымдары, кәсіптік қоғамдастықтар, азаматтар*) арналған және мыналарға мүмкіндік береді:

- еңбек нарығын және дін саласында кадрларды даярлау жүйесін дамытудың жалпы стратегиясын тұжырымдау, оның ішінде нақты біліктілікті алу, біліктілік деңгейін арттыру және біліктілікті растау арқылы еңбек ету барысында мансаптық өсудің әртүрлі траекторияларын жоспарлау;

- кәсіптік және білім беру стандарттарын, кәсіптік білім беру және оқыту бағдарламаларын, бейресми оқытуды (өндірістік оқыту және т.б.) әзірлеу кезінде білім беру ұйымдарының қызметкерлері мен түлектерінің біліктілігіне қойылатын талаптарды сипаттау;

- дін қызметкерлерін сертификаттау, лицензиялау және олардың біліктілік деңгейін растау жүйесін қалыптастыру;

- адами ресурстарды жоспарлау және дамыту.

СБШ миссиясы: мемлекеттің және қоғамның діни қажеттіліктерін қанағаттандыру мақсатында еңбек нарығы тарапынан дін қызметкерлерінің біліктілігіне сұранысты және дін саласындағы білім беру жүйесі тарапынан біліктіліктерді ұсынуды тиімді құқықтық және институционалдық реттеу үшін жағдайларды қамтамасыз ету.

СБШ болжамы: Дін саласын мемлекеттің және қоғамның қажеттіліктеріне жауап беретін кадрлық ресурстармен қамтамасыз етудің тиімді жүйесін қалыптастыру.

СБШ мақсаты: салада танылатын біліктілік деңгейлерінің құрылымдық сипаттамасын, экономиканың перспективаларын, басымдықтарын және саланы дамыту стратегиясын ескере отырып, ҰБШ негізінде қолданыстағы біліктіліктерге қойылатын талаптарды тұжырымдау, сондай-ақ салалық құзыреттер мен сабақтас кәсіп түрлерін (біліктіліктерді) көрсете отырып, біліктілік деңгейлері бойынша кәсіптерді анықтау.

СБШ міндеттері:

1) салааралық байланыстарды сабақтас кәсіп түрлері (кәсіптер мен лауазымдар) арқылы көрсету;

2) орындалатын жұмыстың күрделілігіне және пайдаланылатын білімнің, іскерлік пен дағдының сипатына қарай біліктілік деңгейлері бойынша кәсіптер мен лауазымдарды картаға түсіреді.

Дін саласының СБШ мынадай қағидаттарды ескере отырып әзірленді:

1) дін саласындағы қызметтер көрсету;

2) сала шекараларын айқындау;

3) қызмет түрлерін қорғаудың басым бағыттарын ескере отырып, еңбекті бөлу жүйесін айқындау;

4) саланың өзара байланысты кәсіптік топтарын және/немесе кіші топтарын перспективалары мен өзгергіштігін ескере отырып, оның ішінде профилактиканың және діни оңалтудың әдістерін пайдалана отырып айқындау;

5) дін саласында қолданылатын және перспективалы технологияларды ескере отырып, ҰБШ біліктілік деңгейлерінің қызметкерлердің құзыреттеріне, білімдеріне, іскерліктері мен дағдыларына қойылатын талаптарын нақтылау;

6) дін саласындағы практикалық тәжірибені ескере отырып, біліктіліктің төменгі деңгейлерінен жоғары деңгейлеріне өту кезінде біліктілікті дамыту траекторияларының сабақтастығы;

7) құзыреттерге, білімге, іскерліктер мен дағдыларға қойылатын талаптарды сипаттаудың бірегейлігі, қисындылығы және нақтылығы;

8) біліктілік деңгейлерінің иерархиясының еңбек бөлінісінің құрылымына және білім беру жүйесіне сәйкестігі;

Салада қолданылатын Қазақстан Республикасының негізгі нормативтік құқықтық актілері:

- Қазақстан Республикасының Конституциясы;
- Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі;
- «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» Қазақстан Республикасының Заңы;
- «Экстремизмге қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңы;
- «Терроризмге қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңы;
- Діни қызмет саласындағы заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілер.

Осы СБШ-да келесі терминдер мен анықтамалар пайдаланылады:

- 1) ұлттық біліктілік шеңбері – еңбек нарығында танылған біліктілік деңгейлерінің құрылымдық сипаттамасы;
- 2) салалық біліктілік шеңбері – салада танылған біліктілік деңгейлерінің құрылымдық сипаттамасы;
- 3) біліктілік – еңбек ету құқығын беретін, игерілген құзыреттердің құндылығын еңбек нарығы және одан әрі білім алу мен оқыту үшін ресми тану;
- 4) біліктілік деңгейі – еңбек әрекеттерінің күрделілігі, стандартты еместігі, жауапкершілік пен дербестік параметрлері бойынша сараланған жұмыскерлердің біліміне, дағдысына және кең құзыреттеріне қойылатын жалпылама талаптар;
- 5) білім – жеке және кәсіптік қызметте қолданылатын ақпарат, нормалар;
- 6) машықтар – қызмет көрсету стандарттарының талаптарына сәйкес келетін қызметкер бақылайтын әрекеттер;
- 7) дағдылар – белгілі бір зерттеулерді, жұмыстарды оқыту немесе жүргізу арқылы қалыптасатын, өндірісте де, күнделікті өмірде де белгілі бір зияткерлік немесе дене әрекеттерін орындау қабілетін сипаттайтын сапа;
- 8) еңбек қызметінің түрі – еңбек функциялары мен оларды жүзеге асыру үшін қажетті құзыреттердің біртұтас жиынтығымен қалыптасатын кәсіптік қызмет саласының бөлігі;
- 9) еңбек функциясы – бизнес-процеспен айқындалатын және оларды орындау үшін қажетті құзыреттердің болуын болжайтын еңбек әрекеттерінің біріктірілген және салыстырмалы түрде дербес жиынтығы болып табылатын еңбек қызметі түрінің құрамдас бөлігі;

10) кәсіптік стандарт – кәсіптік қызметтің нақты саласында біліктілік пен құзыреттілік деңгейіне, мазмұнына, сапасына және еңбек жағдайларына қойылатын талаптарды айқындайтын стандарт;

11) кәсіп – арнайы оқыту нәтижесінде алынған және тиісті білім беру құжаттарымен расталған белгілі бір білімді, дағдыны және практикалық дағдыларды талап ететін адамның еңбек қызметінің негізгі кәсібі;

12) құзыреттілік – қызметкердің кәсіптік қызметте білімін, дағдылары мен машықтарын қолдана білу қабілеті;

13) қолданбалы бакалавр – орта білімнен кейінгі білім берудің білім беру бағдарламаларын бітірген адамдарға берілетін біліктілік;

14) бакалавриат – білім беру бағдарламалары тиісті мамандық бойынша «бакалавр» дәрежесін бере отырып кадрлар даярлауға бағытталған жоғары білім;

15) магистратура – білім беру бағдарламалары тиісті мамандық бойынша магистр дәрежесін бере отырып, кадрлар даярлауға бағытталған жоғары оқу орнынан кейінгі білім;

16) докторантура – білім беру бағдарламалары философия докторы (PhD), осы саладағы докторы ғылыми дәрежесін бере отырып, ғылыми, педагогикалық және (немесе) кәсіптік қызмет үшін кадрлар даярлауға бағытталған жоғары оқу орнынан кейінгі білім;

17) кәсіби практикалық жұмыс өтілі – экономиканың тиісті секторында (қызмет саласында) маман ретінде соңғы бес жылдың кемінде **үш жылы мамандығы бойынша** жұмыс өтілімен айқындалады.

4. Саланың (аяның) ағымдағы жай-күйі

Дін саласындағы СБШ ел азаматтарын саланың сапалы, тиімді қызметтерімен, оның ішінде білім беру қызметтерімен қамтамасыз етуде салалық саясат құралы ретінде қызмет етеді.

Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасында «Дінтану», «Исламтану» және «Теология» бойынша мамандарды даярлау еліміздің 8 жоғары оқу орындарының базасында жүзеге асырылады.

***Анықтама:** әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, «Нұр-Мубарак» Египет ислам мәдениеті университеті, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Х. Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Е. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті, С. Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті, Ш. Уалиханов атындағы Көкшетау университеті.*

Дін саласында білім алу үшін ең сұранысқа ие жоғары оқу орындары қатарына «Нұр-Мұбарак» Египет ислам мәдениеті университеті (2252 студент), Х. А. Ясауи ат. Халықаралық қазақ-түрік университеті (339 студент), әл-Фараби ат. Қазақ ұлттық университеті (197 студент), Л. Н. Гумилева ат. Еуразия ұлттық университеті (112 студент), Абай ат. Қазақ ұлттық педагогикалық университеті (96 студент), С. Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті (98 студент) кіреді.

Жалпы, Қазақстанда жыл сайын аталған мамандықтар бойынша 500 – ден астам студент бітіреді, атап айтқанда 2023 жылы 514 маман бітірді (*болжам бойынша 2024 жылы – 560 түлек, 2025 жылы – 600 түлек және 2026 жылы-800 маман*), олар өңірлердегі қажеттілікті толтырады. Сала мамандарына деген қажеттілік орта есеппен 500-ден 600 адамға дейін болып отыр.

2023 жылы осы мамандықтар бойынша 514 адам бітірді, оның ішінде бакалаврлар – 428, магистрлер – 73, докторлар – 13 .

Мамандықтар аясында көрініс келесідей: дінтану – 186, исламтану – 245, теология-83.

Төмендегілерге назар аудару керек:

- «Исламтану» және «Теология» мамандықтарының түлектері «Дінтану» мамандықтарынан 4 есе көп;

- «Исламтану» мамандығы аясында магистрлер мен PhD докторларына карағанда бакалаврларды даярлауға айтарлықтай көңіл бөлінді, бұл осы бағыттағы ғылыми зерттеулер деңгейіне әсер етуі мүмкін.

Жалпы, сала мамандарына, әсіресе өңірлік деңгейде сұраныс сақталуда.

Осы саланың келесі тармақтарын бөліп көрсетуге болады:

- «Исламтану» мамандығы түлектерінің үштен бірін негізінен қыздар құрайды және олар оқуын аяқтағаннан кейін жұмысқа орналаспайды, бұл исламтану-теологтардың тапшылығын сақтауға ықпал етеді.

- «Дінтану» мамандығының түлектері өңірлік Дін істері басқармалары, Дін проблемаларын зерттеу орталықтарымен қатар мемлекеттік қызметтің түрлі секторларында және зерттеу құрылымдарында жұмысқа орналасады.

- «Исламтану» және «Теология» мамандықтарының түлектері негізінен өңірлік Дін мәселелерін зерттеу орталықтарында, Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының филиалдарында жұмыс істейді, сондай-ақ Дін мәселелері бойынша оңалту, ақпараттық-түсіндіру іс-шараларына да тартылады.

Осылайша, Қазақстанда жыл сайын дін саласындағы мамандықтар бойынша 500-ден астам жоғары оқу орындарының студенттері бітіріп шығады, олар өңірлердегі қажеттілікті толтырады.

Түлектердің санын талдау және ағымдағы жылы кадрларға сұраныс келесіні көрсетіп отыр:

- түлектердің айтарлықтай санына қарамастан, кадрлар тапшылығы сақталуда. Әсіресе тапшылық исламтанушыларда, теологтарда байқалады.

- кадрлар тапшылығы өңірге байланысты өзгереді, бұл кадрлардың ауысуына, Қазақстанның оңтүстік бөлігіндегі оқу орындарының шоғырлануына және басқа да әлеуметтік факторларға байланысты;

- Астана қаласында, Алматы, Атырау, Ақтөбе, Жамбыл Маңғыстау, Түркістан облыстарында кадрлық мәселе өзекті болып тұр;

Айта кету керек, бүгінде мемлекеттік, орыс тілдерін меңгерген, сондай-ақ жамағатпен жұмыс жасайтын, соның ішінде араб тілін меңгерген екі тілді мамандар аса сұранысқа ие.

Сондай – ақ, өңірлік Дін проблемаларын зерттеу орталықтары қызметкерлерінің жалақысының төмен деңгейі жас мамандарды өздерінің кәсіби дағдыларын арттыруға ынталандырмайды, тиісінше, кәсіби мамандардың басқа салаларға кетуінің факторына айналды. Өз кезегінде, кадрлардың ауысуы қолда бар кадрларды кәсібилендіруге, сабақтастықты қалыптастыруға және тиісінше жас мамандарға арналған тәлімгерлік мектебін нығайтуға ықпал етпейді.

Діни оқу орындары

Бүгінгі таңда Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының жанынан Исламтану білім беру бағдарламалары, «4s02210103 Имам – хатиб» біліктілігі және «4s02210104 Устаз» біліктілігі бойынша діни білім беру саласында мамандарды дайындайтын 9 колледж-медресе жұмыс істейді.

***Анықтама:** Астана қ. «Астана медресе колледжі» жеке мекемесі, Алматы қ. «Әбу Ханифа медресе колледжі» жеке мекемесі, Шымкент қ. «Шымкент медресе колледжі» жеке мекемесі, Орал қ. «Орал медресе колледжі» жеке мекемесі, Тараз қ. «Hibatulla Tarazi медресе колледжі» жеке мекемесі, Павлодар қ. «Әбу Бакр Сыддық медресе колледжі» жеке мекемесі, Алматы облысы Жамбыл ауданы Қарғалы ауылы «Үшқоңыр медресе колледжі» жеке мекемесі, Түркістан облысы Сарыағаш ауданы Ынтымақ ауылы «Сарыағаш медресе колледжі» жеке мекемесі, Ақтөбе облысы Алға ауданы Бестамақ ауылы «Ақтөбе медресе колледжі» жеке мекемесі*

Колледж медреселердің басым бөлігі елдің оңтүстік аймақтарына тиесілі. Бүгінгі таңда аталмыш медреселерде барлығы 2540 шәкірт оқиды.

2023 жылы түлектер саны 371 адамды құрады, оның 254-і жұмысқа орналастырылды, 70-і оқуын жалғастырды, 26-сы басқа салаларда жұмыс істейді.

Колледж-медресе түлектерінің көпшілігі Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы (бұдан әрі - ҚМДБ) филиалдарында, өңірлік Дін мәселелерін зерттеу орталықтарында және басқа да салаларда жұмыс істейді.

Бүгінгі таңда дін саласындағы мамандардың біліктілігін арттыруды 2016 жылдың қыркүйегінде құрылған «Нұр-Мұбарак» университетінің жанындағы экстремизмнің алдын алу саласындағы имамдар мен теологтарды қайта даярлау және біліктілігін арттыру институтында өтуге болады.

Сондай-ақ, Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы жанындағы имамдардың біліктілігін арттыру Ислам институты мен Хусамуддин ас-Сығақи атындағы Ислам институты жанынан жыл сайын республика мешіттерінен 200-ден астам діни қызметкердің біліктілігін арттыру курстары өтеді.

Бұдан басқа, ел азаматтары ҚМДБ желісі бойынша халықаралық келісімдер шеңберінде шетелдік теологиялық оқу орындарында білім ала алады. Ең көп сұранысқа ие Египет Араб Республикасындағы Әл-Азхар университеті және Түркия Республикасындағы Хасеки университеті. Сонымен қатар, қазақстандық студенттер Иорданияда, Малайзияда, Ресейде және басқа елдерде білім алуда.

Басқа діни оқу орындары

Христиан бағытында екі діни білім беру ұйымы жұмыс істейді:

- Алматы православиелік теологиялық семинариясы, діни қызметкерлер, регенттер мен псаломщиктерді дайындайды. Семинарияда пасторлық бөлімде оқу мерзімі – 5 жыл (дайындық курсы + 4 жыл негізгі курс), регенттік бөлімде-2 жыл. Қазіргі уақытта семинарияда 135 оқушы оқиды;

- Қарағандыдағы «Мария – Шіркеу анасы» Епархияаралық жоғары діни семинариясы, қазіргі уақытта семинарияда 10 оқушы білім алуда.

Жалпы, семинарияда оқу 8 жыл: 1 жыл – пропедевтика, 2 жыл – философия, 4 жыл – теология және 1 жыл-практика.

Дін саласындағы мамандықтарды дамыту перспективалары

Осы мамандықтарды дамыту перспективаларын айқындау мақсатында мамандарды даярлауды жүзеге асыратын ЖОО кафедраларының меңгерушілеріне сауалнама жүргізілді.

Л.Н. Гумилев ат. ЕҰУ және Х. А. Ясауи ат. ХҚТУ Дінтану кафедралары 2023 жылы «дінтанушы – психолог» мамандығы бойынша оқу бағдарламасын әзірленді. Сонымен қатар, жекелеген жоғары оқу орындары білім беру бағдарламаларын әзірлеу кезінде Дін істері комитетінің ұсынысы

негізінде жаңа пәндерді енгізуде. Атап айтқанда, «Нұр-Мұбарак» университеті 2023 жылы «Конфликтология», «Менеджмент» және «Дін психологиясы» сияқты пәндерді енгізді.

Ақтөбе өңірлік университеті. А. Жұбанова қазіргі уақытта дінтану пәндері сағаттарының едәуір көлемін қоса отырып, «тарих және қоғамдық ғылымдар оқытушысы» мамандығы бойынша білім беру бағдарламасын дайындауда.

ҚМДБ мамандарына қажеттілік

2023 жылдың қорытындысы бойынша Қазақстандағы имамдардың саны 4 650 адамды құрайды, оның ішінде бас имамдар – 1260 адам, наиб имамдар – 1004, азаншы – 423, ұстаздар – 613, молдалар – 1325. Діни қызметкерлер арасында 1634 адам жоғары білімге ие, бұл ҚМДБ филиалдарының барлық діни қызметкерлерінің 35% құрайды.

Біліктілікті арттыру мақсатында курстар жүйелі түрде ұйымдастырылады. Бүгінгі таңда біліктілікті арттырудан 1507 адам өтті, бұл 34,5% құрайды.

Сонымен қатар, ҚМДБ желісі бойынша алдағы уақытта кадрларға қажеттілік шамамен 11 400 адамды құрайды және бұл көрсеткіш жыл сайын тек өсуі мүмкін деп күтілуде.

2023 жылы мамандарға ең үлкен қажеттілік келесі облыстарда байқалады, олар: Түркістан, Маңғыстау, Ақтөбе, Атырау, Қарағанды, Жамбыл, Алматы облыстары.

Діни ұйымдардың қызметі

2023 жылдың қорытындысы бойынша республикада 3977 діни бірлестік қызмет атқарады, оның ішінде 2835-і исламдық, 1026-ы христиандар, қалған конфессиялар 116 құрайды (2-кесте).

Миссионерлердің ең көп саны шетел азаматтарына тиесілі – 416 адам, қазақстандықтар – 70 адам (3-кесте). Миссионерлер Абай облысынан басқа барлық өңірлерде жұмыс істейді. Миссионерлердің шоғырланған орталықтарына Алматы (105 миссионер), Астана (73) қалалары және Қарағанды облысы (82) қалалары жатады (4-кесте).

2 - кесте. Қазақстан Республикасы бойынша діни бірлестіктердің саны туралы мәліметтер

№	Конфессия	2023 ж., 4 тоқсан																				
		Астана қ.	Алматы қ.	Алматы обл.	Ақмола	Ақтөбе	Атырау	Қарағанды	Қызылорда	Қостанай	Жамбыл	Маңғыстау	Павлодар	Шымкент қ.	СҚО	БҚО	ШҚО	Түркістан обл.	Абай обласы	Жетісу обл.	Ұлытау обл.	
1	Ислам	16	54	291	93	65	49	127	184	26	341	43	108	91	54	53	83	774	148	206	29	2835
2	Православтар	6	24	37	48	9	3	23	1	33	8	1	25	6	33	20	26	12	12	17	3	347
3	Католицизм	4	7	10	11	2	3	16	1	4	1	1	8	1	11	2	1		5	3	2	93
4	Елуіншілер	8	34	26	15	3	2	24	5	21	8	4	7	7	13	3	12	8	6	12	4	222
5	Баптистер	4	17	23	6	5	3	44	4	8	10	1	3	5	6		15	8	8	12	4	186
6	Меннониттер							4							5							9
7	Пресвитериандар	10	31	7	9	1		21	3		3		2	5	2		2	4		3	1	104
8	Адвентистер	2	3	3	2	1	1	5		5	4	1	4	1	1	1	2		1	1	2	40
9	Евангелдік-лютерандық шіркеуі	1	3	2	1			1		1	1		1		1		1			1		14
10	Методистер		4	2				1			1		2							1		11
11	Жанапостол шіркеуі	1	1		7	2		3		1	1	1	1	1	4		1					24
12	Мормондар	1	1																			2
13	Иегова куәгерлері	1	6	9	1	1	1	7	1	5	9	1	3	3	1	1	4	3	2	1	1	61
14	Қришна сана қоғамы	1	1	1	1	1	1	1		1		1	1	1			1					13
15	Бахаи қоғамы	1	1		1			1						1						1		6
16	Иудаизм	1	1					2					1	1			1					7
17	Буддизм		1												1							2
18	Муниттер		1																			1
		57	190	411	195	90	63	280	199	105	387	54	166	123	127	86	149	809	182	258	46	3977

3- кесте. Миссионерлер саны туралы ақпарат

№	Дін	Шетелдік миссионерлер саны	Қазақстандық миссионерлер саны	жалпы миссионерлер саны
1	Католик шіркеуі	250	22	272
2	Православ шіркеуі	24	18	42
3	Елуіншілер шіркеуі	59		59
4	Кришна Сана Қоғамы	18	22	40
5	Пресвитериан шіркеуі	18	4	22
6	Жаңаапостол шіркеуі	14	3	17
7	Баптистер	5		5
8	Адвентистік	4		4
9	Иудаизм	2		2
10	Иегова куәгерлері	4		4
11	Лютерандық шіркеуі	2		2
12	Буддизм	2		2
13	Иса Мәсіх әулиелерінің соңғы күндері	14	1	15
14	Ислам	0	0	0
15	Меннониттер	0	0	0
16	Методистер	0	0	0
17	Бахай қоғамы	0	0	0
18	Муниттер	0	0	0
	Барлығы	416	70	486

4-кесте. Миссионерлердің өңірлер бөлінісіндегі саны

Ислам		Православие		Католицизм		Лютеранство		Баптистер		Меннониттер		Методистер		Адвентисты		Елуіншілер		Пресвитерианство		Новоапостольская ц.		Иегова күегерлері		Буддизм		Иудаизм		Кришна сансы қоғамы		Бахаи қоғамы		Мормоны		муниттер		барлығы		жалпы
шетел	ҚР	иностр	ҚР	шетел	ҚР	шетел	ҚР	шетел	ҚР	шетел	ҚР	шетел	ҚР	шетел	ҚР	шетел	ҚР	шетел	ҚР	шетел	ҚР	шетел	ҚР	шетел	ҚР	шетел	ҚР	шетел	ҚР	шетел	ҚР	шетел	ҚР	шетел	ҚР	шетел	ҚР	
		8	18	18	4	2									1			4		4							6	4			4			47	26	73		
		12		19	1			3						4	37	9		4	1		1						3			10	1			102	3	105		
				5				1							1																		8	0	8			
				26	2													3									1						30	2	32			
				14																							1	1					15	1	16			
				19	3											1											3						23	3	26			
				11																							1	4					12	4	16			
		3		5																													8	0	8			
				4												2		1	1														7	1	8			
				8	1																			1									9	1	10			
		1		51	7										3		4	1							2		2	11					60	22	82			
				5											15																		20	0	20			
				1				1																									2	0	2			
				2											2																		6	3	9			
				15	1																												15	1	16			
				39	2																													39	2	41		
																																		1	0	1		
																																		0	0	0		
				7																														11	0	11		
				1	1											4																	1	1	2			
0	0	24	18	250	22	2	0	5	0	0	0	0	0	4	0	59	0	18	4	14	3	4	0	2	0	2	0	18	22	0	0	14	1	0	0	416	69	486
0		42		272		2		5		0		0		4		59		22		17		4		2		2		40		0		15		0				

Ғибадат ғимараттары

Республика бойынша барлығы 3 776 құлшылық ғимараты жұмыс істейді. Саны жағынан ең көбі мешіттер – 2834. Басқа конфессиялар бойынша: протестанттық құлшылық үйлері - 424, православие шіркеулері - 304, католик шіркеулері - 117, Иегова куәгерлерінің құлшылық үйлері – 57, Жаңа апостолдық шіркеудің құлшылық үйлері - 24, синагогалар - 6, Бахаи құлшылық үйлері – 2, «Кришна сана қоғамы» РҰ құлшылық үйлері-5, будда храмы – 2, мунниттер-1.

Дін саласын одан әрі дамыту жөніндегі негізгі міндеттер:

- еңбек нарығының талаптарына сәйкес дін саласында жоғары білікті кадрларды даярлауды қамтамасыз ету;
- қазіргі заманғы талаптарға сәйкес оқу бағдарламаларының мазмұнын жаңарту;
- елімізде діни білімнің қолжетімділігін қамтамасыз ету;
- оқытудың инновациялық әдістерін трансформациялау бойынша халықаралық ынтымақтастықты кеңейту және әлемдік тәжірибені енгізу;
- дін саласында мамандар даярлауды жүзеге асыратын отандық білім беру мекемелерінің беделін арттыру.

5. Халықаралық тәжірибені талдау

Бүгінгі таңда дінге деген қызығушылықтың артуына және дін саласындағы елеулі қиыншылықтарға байланысты дін саласы бойынша кадрларды даярлау бүкіл әлемде білім беру жүйесінің құрамдас бөлігіне айналды. Айта кетерлігі, әр елде дін саласы мамандарын дайындау ішкі қажеттіліктер мен ұлттық мүдделермен айқындалады.

Ұлыбритания

Ұлыбритания тәжірибесіне келетін болсақ, теологтар мен дінтанушыларды дайындаудың белгілі бір стандарты бар, оны Ұлыбританияның білім министрлігімен бірлесіп жұмыс істейтін Quality Assurance Agency for Higher Education (QAA) қайырымдылық ұйымы қамтамасыз етеді және реттейді.

Бұл ұйым жаһандық контексте дінді/діндерді сыни түсінуге және талдауға ықпал ететін форматта теология және дінтану курстары үшін ұсыныстар береді. Бұл бағдарлама бойынша студенттер дін, мәдениет және қоғамдар, сондай-ақ мәдени және тарихи контексттер туралы түсініктерін жетілдіреді.

Студенттер әртүрлі көзқарастар мен тәжірибенің әртүрлі тәсілдерін, соның ішінде өздерінің дүниетанымына қайшы келетін және сыни ойлауды

дамытуға ықпал ететін әдістерді қолдануға үйретіледі. Теологияны тереңірек түсіну түлектердің халықаралық қатынастар, қоғаммен байланыс, адам құқықтары, әлеуметтік әділеттілік, байлық теңсіздігі, тұрақты даму, климаттың өзгеруі және цифрлық революция сияқты тақырыптардағы пікірталастарға үлес қоса алатынын білдіреді.

Кадрларды даярлау мәселесінде Ұлыбританияда зайырлы пәндерден гөрі теологиялық пәндерді оқытуға үлкен мән беріледі. Курстардың атаулары көбінесе жалпы қабылданған академиялық пәндерден ерекшеленеді және Ұлыбритания қоғамындағы заманауи сын-қатерлерге жауап ретінде қалыптасатын пәнаралық курстарды ұсынады.

Мысалы, Епископ Гроссестест университетінде теологияны оқыту «Құдай сұрағы: теизм, агностицизм және атеизм» сияқты модульдерді қамтиды, мұнда студенттер діни философияның терең негіздерін зерттеуге мүмкіндік алады. Сондай-ақ «Әлемдер соғысы: діндер мен қақтығыстар» оқу курсына талапкерлерге дін тақырыбын конфликтологиялық оқуға қатысты ақпарат ұсынылады. Конфликт мәселесі «Себеп реквизиі: қазіргі заманғы фундаментализмнің өрлеуі» курсына да көтеріледі.

Кембридж университетінде де білім тек іргелес теологиялық пәндерді оқытуға негізделген. Сонымен қатар бағдарлама бакалавриат деңгейінен бастап ғылыми мақалалар жазу арқылы студенттердің зерттеу дағдыларын дамытуды көздейді.

Дәріс курстарына «Теология және әдебиет», «Исламға кіріспе», «Этика және сенім», «Дін философиясы: Құдай, бостандық және жан», «Кейінгі ежелгі дәуірдегі христиандық», «Индуизм және буддизмдегі өмір мен ой» сияқты пәндер кіреді. Аталған дәрістерді оқығаннан кейін студенттерден осы курстарға қатысты мақалалар мен эсселер жазу талап етіледі, бұл оларға материалды жақсы түсінуге және зерттеу дағдыларын жетілдіруге мүмкіндік береді.

Кембридж университетіндегідей Оксфорд университетінде де теология бакалавры студенттері өздерінің ғылыми жұмыстарын жазуға міндетті. Алайда Оксфордта бірінші курста студенттер алдымен кіріспе дәрістерді тыңдайды, содан кейін ғана жұмыстарды жазумен айналысады.

Дәрістер «Библияны зерттеуге кіріспе», «Ғасырлардан кейінгі Исаның бейнесі», сондай-ақ «Дін және діндер» тақырыптарында өткізіледі, кейінгі курстарда мақалалар, соның ішінде диссертациялар жазу қажет болады.

Көріп отырғанымыздай, Ұлыбританиядағы теологиялық білім беру теология бойынша терең білімді дамытуға, сондай-ақ студенттердің зерттеушілік дағдыларын дамытуға және арттыруға көбірек бағытталған. Ұлыбританиядағы оқу үдерісі бөлек зайырлы пәндерді қамтымайды, бірақ олар теологиялық пәндермен тығыз байланысты.

Франция

Францияда, Ұлыбританиядан айырмашылығы, зайырлы және діни оқу орындары арасында нақты бөліну бар. Зайырлы жоғары оқу орындарында

теологиялық пәндерді оқытуға жол берілмейді және діни оқу орындарында білім алған мамандардың біліктіліктері мойындалмайды.

Мемлекет пен дін қатынастары саласындағы құқық қолдануды реттейтін Білім беру кодексінің L-141-6-бабы университет автономиясының принциптері туралы былай дейді: «Жоғары мектеп пікірлердің әртүрлілігін құрметтейді, объективті білімге ұмтылады, зайырлы және кез келген идеологиялық, экономикалық немесе діни индоктринациядан тәуелсіз».

Париж католиктік университетінің мысалында студенттердің оқу бағдарламаларын талдауға болады. Франция лаицизм саясатын жүргізетіндіктен, осы университеттегі оқу курстары көптеген зайырлы пәндердің болуын болжайды. Олардың саны теологиялық курстардың өздерінен де көп. Студенттер қазіргі заманғы, ортағасырлық және ежелгі философия, саяси философия, геосаясат және дін, тарих философиясы, метафизика, Еуропадағы адам құқықтарының негіздері, мәдениетаралық, саяси тарих, дін және секуляризм, әлеуметтік және саяси мораль, әлемдік діндермен танысу, әлеуметтануға кіріспе, технологиялар, ақпарат және байланыс сияқты бағыттарды игере алады. Осылайша, Француз университеттерінің бағдарламасындағы зайырлы пәндердің саны теологиялық пәндерге қарағанда едәуір жоғары болуы мүмкін, бірақ мұндай университеттердің дипломдары мемлекеттік деңгейде мойындалмайды.

Соған қарамастан, Францияда Страсбург университеті үшін ерекшеліктер қарастырылған. Аталмыш зайырлы университетте теология кафедрасы бар, бұл аймақтың Францияға кеш енуіне байланысты орын алған. Страсбург университетінде католик теологиясы кафедрасы бар, онда оқытудың 4 бағыты бар: «Қасиетті мәтіндер және олардың мағынасы», «Христиандық тарихы», «Догматика, экуменизм және практикалық теология», «Діндер әлеуметтануы және әлеуметтік этика».

Бельгия

Бельгияда білім беру стандарттарын, оның ішінде тілге байланысты теологиялық стандарттарды реттеудің өзіндік бірегей жүйесі бар. Мысалы, голланд тілінде білім алатындар (Бельгия фламандтары) Нидерланды мен Фландрияны аккредиттеу ұйымының стандарттарын қолданады (NVAO - Nederlands-Vlaamse Accreditatieorganisatie). (AEQES - Agence pour l'Evaluation de la Qualité de l'Enseignement Supérieur) Бельгияның француз тілді қоғамдастығының жоғары оқу ұйымдарын және бағдарламаларын аккредиттеуге жауапты. Сол сияқты Бельгияның неміс тілді қауымдастықтарын аккредиттеуге жауапты ұйым да бар.

Бұл үкіметтік емес ұйымдар оқу орындарын, соның ішінде теологиялық оқу ұйымдарын да аккредиттеумен айналысады. Бельгияның тәжірибесі теология мен дінтануды бір оқу бағдарламасына біріктіруге болатындығын көрсетеді. «Теология және дінтану» курсы христиандық діни дәстүрді және көпмәдениетті, көпконфессиялы қоғамды пәнаралық және ғылыми зерттеуге (Бельгия контекстінде) бағытталған. Сонымен қатар, Бағдарлама Еуропадағы

эртүрлі христиан шіркеулері мен христиандық пен басқа да әлемдік діндер арасындағы қарым-қатынасқа қызығушылықты оятуға арналған.

Бағдарламаның мәні теологияның да, дінтанудың да негізгі әдістерін игеру, оның ішінде теологияның эртүрлі әдіснамалық перспективаларына (әдеби-тарихи: библиялық ғылымдар, шіркеу және теология тарихы; жүйелі-теологиялық: догматикалық теология, теологиялық этика; пасторлық теология) қатысты іргелі тұжырымдамалары мен әдістерін білу және түсіну, сондай-ақ, дінтану, дінаралық диалог және негізгі әлемдік діндерді зерттеудің іргелі тұжырымдамалары мен әдістерін білу және түсіну болып табылады. Шіркеу мен дінге қатысты мәселелерді талдай білу және оларды кеңірек дискурсқа орналастыру. Кеңірек әлеуметтік контексте теология және дін мәселелері бойынша пікірталасқа түсу және осындай пікірталастарда ақылға қонымды және жауапты позицияны иелену мүмкіндігі.

Нидерланды

Нидерландыда, Бельгия сияқты, теологиялық білім беруді реттеуді NVAO ұйымы жүзеге асырады. Нидерландыдағы Гронинген университетінде теологтардың біліктілігі тек теологиялық пәндерді зерттеуге негізделген, бірақ мультимәдениеттілік тақырыбындағы пәндердің, сондай-ақ елдегі исламмен байланысты модульдердің болуымен байланысты ерекшелік бар.

Тильбург университетінде оқыту салыстырмалы дінтану, ислам, буддизм және индуизм негіздерін, сондай-ақ библиялық еврей, грек және латын сияқты тілдерді зерттеуге негізделген. Сонымен қатар, студенттер мәтіндерді талдау арқылы ерік бостандығы сияқты негізгі философиялық мәселелер бойынша жүйелі ойлауды қалыптастыру үшін жүйелі философия курстарынан өтеді. Курста философиялық мәселелердің христиан діні мен теологиясымен байланысына ерекше назар аударылады.

Нидерландыда теологияны оқытуға деген көзқарас елдегі конфессиялық жағдайға байланысты. Мысалы, Амстердамдық еркін университетіндегі теология кафедрасында теологтарды даярлаудың үш бағыты бар: белгілі бір дінге маманданған дінтану, ислам және христиан теологиясы. Егер біз оқу бағдарламасын қарастыратын болсақ, онда озық тәжірибе ретінде қарастыруға болатын бірнеше курстарды бөліп көрсетуге болады. Теология студенттері бірінші курстан бастап зерттеу тәжірибесімен айналысады, кез-келген тақырыпты талдайды немесе далалық зерттеулер жүргізеді. Сондай-ақ, студенттердің ой-өрісін «Қазіргі діни мәселелердің тарихи тамыры» сияқты пән едәуір кеңейте алады, мұнда студенттердің дінге байланысты мәселелерді шешу дағдыларының негізі қалыптасады.

Германия

Германияда теологиялық білім беру мәселелерін Білім Министрлігі және діни бірлестіктер мен университеттер жанындағы ұйымдар реттейді. Мысалы, зайырлы университеттердің қызметін реттейтін Hochschulrektorenkonferenz неміс ректорлық конференциясы. Бұдан басқа, әрбір діни бірлестіктің өз діни ұйымдары бар. Мысалы, протестанттар үшін

бұл діни оқу орындарында теологияны оқытуды реттейтін Германияның Евангелиялық шіркеуі. Католик теологиясын оқытудың стандарттарын Рим-Католик шіркеуінің өзі анықтайды.

Зайырлы университеттерде, мысалы, Гейдельберг университетінде теологтарды даярлау үшін «Христиандық және мәдениет» бағдарламасы бар, бұл бағдарлама бойынша өздері таңдаған салада маманданған мамандарды дайындайды. Мысалы: Көне өсиет, Жаңа өсиет, Шіркеу тарихы, Жүйелі теология, дінтану және практикалық теология. Оқу бағдарламасының басында кіріспе кезең қарастырылған. Студенттер өздері таңдаған мамандыққа қажет ежелгі тілдердің (латын, грек немесе иврит) кез-келгені туралы білімдерін жетілдіруге және Библияны зерттеу туралы алғашқы түсінік алуға мүмкіндік алады.

Дәрежені алу бағдарламасы кейіннен студенттің таңдаған мамандандыру саласына және онымен байланысты пәндерге бағытталады. Студенттерге шетелде уақыт өткізуге кеңес беріледі. Дәреже алу үшін оқу барысында студенттер жұмысқа орналасу кезінде пайдалы болатын жалпы дағдыларды игереді («пәнаралық дағдылар»).

Бонн университетінде оқыту негізгі теологиялық пәндерді игеру арқылы жүзеге асырылады: «Көне өсиет», «Жаңа өсиет», «Шіркеу тарихы», «Жүйелі теология» немесе «Практикалық теология». Кейбір модульдер пәнаралық немесе басқа пәндерге жатады.

Германияда ислам теологиясы факультеттері де бар. Қазіргі уақытта ислам теологиясы факультеттері Мюнстер, Франкфурт-на-Майне, Оснабрюк мемлекеттік университеттерінде жұмыс істейді. Жақында Оснабрюк және Мюнстер университеттерінің негізінде құрылған ислам теологиясы орталығы ашылды. Бірінші ЖОО-да педагогтарды оқытуға, екіншісінде ғылыми кадрларды даярлауға баса назар аударылатын болады. Ислам бойынша педагогтерге арналған алғашқы кафедра 2004 жылы Мюнстер университетінде құрылды. «Ислам педагогикасы», «ислам діні» және «ислам теологиясы» мамандықтары бойынша 15 профессорға арналған кафедралар қарастырылған.

Америка Құрама Штаттары

АҚШ-та рейтингтік жоғары оқу орындарында, мысалы, «Шырмауық лигасының» университеттерінде теология магистратура деңгейінен бастап оқытылады және ғылыми-зерттеу кадрларын қалыптастыруға бағытталған білім беру нысаны болып табылады. Теология мамандары колледждер мен діни университеттерде дайындалады, мысалы, Теннесси Библия колледжі. Бұл колледжде теология саласында бірнеше бағыт бойынша дайындық жүріп жатыр. Оның бірі – студенттерді дінге қатысты сынға жауап беруге үйрететін «Дін апологетикасы».

